

## Шошқаларды лагерлік-жайылымдық жағдайда ұстаудың тиімділігі туралы (2-бөлім)

Жайылымға орын іздеген кезде лагерьді орнату үшін жердің ерекшелігін ескеру қажет. Сондай-ақ, орынды таңдау кезінде «СолтҚазМӨҒЗИ» ЖШС ғалымдары биік құрғақ учаскеден орын іздеді. Сол жерде су көзі болуы керек, ағынды тоғандар және ағаштар, ормандардың немесе бұталардың да болуы шарт. Жануарлар шөлдерін қандырып, күн ысығанда ағаштардың көлеңкесінде паналайды.

Ғалымдар лагерьлерде шатыры көлбеу және үш жағынан жабылған, арзан құрылыс материалдарын пайдаланып өре тұрғызды. Өре артқы жағының биіктігі 1-1,2 метр болатын. Алдыңғы жағы ашық болды. Алдыңғы жағында шошқаларды жаю кезінде жаңбырдан және тікелей күн сәулесінен қорғау үшін күнқағар жасалды. Алдыңғы ашық жағының алдында қатты жабыны бар қалқа жасалды.

Ғалымдар шошқа жайылымын бірнеше аймаққа бөлуді ұсынады. Атап айтқанда, мал жаю үшін: қабандарды, аналықтарды, төлдерді бөлді. Ғалымдар жануарлардың әр тобы үшін бөлген бұл учаскелерді тағы 5-7 қашаға бөлу керек.

Шошқалардың жекелеген топтары арасында жайылымдық жерлерді бөлу кезінде олардың лагерьден қашықтығын ескеру қажет. Торайлары бар емізетін аналықтар үшін лагерьге жақын жер бөлінді, ал буаз малдарға, қабандар мен төрт айдан асқан төлдер үшін — 1 км қашықтықта.

«СолтҚазМӨҒЗИ» ЖШС мамандары зерттеу барысында жыныстық және жас топтары бойынша бір күнде бір басқа есептегенде, жануарлардың жайылымға оңтайлы тәуліктік қажеттілігін анықтады. Жануарлардың жыныстық және жас топтары қарастырылды: аналықтар, торайлары бар емізетін аналықтар және 4 айдан асқан төлдер (2-кесте).

2-кесте - жануарлардың жайылымға тәуліктік қажеттілігі

Жыныстық-жас тобы	Жайылымға тәуліктік қажеттілік (күніне басына)
<u>Аналықтар</u>	5-10 м <sup>2</sup>
<u>Торайлары бар аналықтар</u>	10-12 м <sup>2</sup>
4 айдан асқан төлдер	2,5-5 м <sup>2</sup>

Жануарларды зерттеу кезінде олар қоршалған жерлерде тамақтандырылды.

Ғалымдардың бақылауларына сәйкес, жақсы бұршақ жайылымдарындағы шошқалар бір жарым сағат ішінде, ал шөптері сирек өсетін жерлерде -екі – екі жарым сағатта азыққа тойды. Азықтанғаннан кейін, сирек өсетін шөпке тоймаған себебінен жерді қаза бастады.

Көктемгі-жазғы кезеңде жайылымда шошқалар тек балғын жасыл шөппен қоректенген болатын (3-кесте). Физиологиялық табиғаты бойынша шамадан тыс, қатты өсімдіктерді азық ретінде қолдана алмайды, өйткені талшықтың мөлшері жоғары. Ғалымдар жайылымдыққа себуге және шошқаларды тамақтандыру үшін тек бұршақ, люпин, беде, жоңышқа және басқа да асыл өсімдік түрлерін, картоп, топинамбур және азық бұршақ дақылдарын пайдалануға кеңес береді.

3-кесте-шошқалардың жасыл азыққа деген тәуліктік орташа қажеттілігі

Жыныстық-жас тобы	Жасыл азыққа тәуліктік орташа қажеттілігі, кг
Биологиялық циклдің барлық кезеңдеріндегі аналықтар	8-10
4 айға дейін емізілген торайлар	1-2
4-6 айлық жас төлдер	3-4
6 айлық жастан асқан төлдер	5-6

Шошқалар жақсы жайылымдарда жайылса да, қоректік заттармен толық қамтамасыздандырылмағаны анықталды. Осы себептен ғалымдар шошқаларды шоғырланған және жасыл жеммен, минералды қоспалармен, аралас сүрлеммен тамақтандырды, ал күзде олар тамыр дақылдарын берді. Шығындарды азайту үшін жазғы лагерьдің жанында аралас сүрлем жинау ұсынылды.

Шөптің бүлінуіне жол бермеу үшін біз шошқаларды лагерьге қамап сумен қамтамасыз етілді. Ғалымдар ересек жануарларға судың оңтайлы жалпы қажеттілігі үшін күніне бір басына 18-ден 29 литрге дейін, емізетін аналықтарына 2-5 литр қабылдауға кеңес береді.

Суға деген қажеттіліктің астарында ғалымдар: жануарларды суару, жем дайындау, тазарту жұмыстарын, мысалы, астауларды жууды меңзеді. Шошқаларды суару алаңдарында азықтандыру орындарының жанына шұңқырлар орнатылды. Сондай-ақ, лагерь аумағында ғалымдар орнатқан «қасынғыш»-ты табуға болады. «Қасынғыш» - бұл әртүрлі ұзындықтағы екі тірекке бекітілген қалың дөңгелек рельс.

Шошқа шаруашылығын дөңгелету кезінде шошқа фермасының сауатты бизнес-жоспары табыстың кепілі.

Күнделікті орташа өсімді арттыру, дамуды жақсарту, жас төлдердің қауіпсіздігін арттыру, сондай-ақ шошқалардың денсаулығын нығайту үшін жайылым оңтайлы болып табылады.

Шошқаларды таза ауада жаю, олардың денесіне күн сәулесінің түсуі, моцион және жасыл және шырынды жемдер ассортименті бар толыққанды рацион шошқа денесінің әртүрлі ауруларға төзімділігін арттырады.

Аналықты жоғарыда айтылған жағдайда ұстау әдісі: жануарды ұстау процесін жақсартады, қысырлықтың пайызын азайтады, сүттілікті, көп төлдеуді арттырады.

Көктемгі-жазғы лагерьдің күтімі шошқаларға да жағымды әсер етеді. Буаздық кезеңінде осындай жағдайлардағы аналықтар қора жағдайында ұсталған малдарға қарағанда өміршең және мықты төлдерді әкелді.

Жайылымдық жағдайдағы шошқалардың күйін бақыласақ, ол жануарлар күтімінде еңбек шығындарын едәуір азайғанын көрсетеді, осылайша шошқа етін өндіруді 25-35% төмендетеді.

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған себептерге байланысты шошқаларды жайылымға, атап айтқанда көктем-жаз мезгіліне ауыстырған дұрыс, өйткені бұл олардың денсаулығына ғана емес, сонымен бірге дененің дамуына да жағымды әсер етеді.

*А. И. Поляк, Р. Ш. Асаубаев, А. И. Гузиенко*